*Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті*

# Маяк

*жыл* **2022** *год*

**23**

**қыркүйек - сентябрь**

**№37 (64446)**

*Районная еженедельная общественно-политическая газета*

*Издается со 2 августа 1939 года*

**Сайт акима Астраханского района:** www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз /www.astrahan.gov.kz

*Күрделі геосаяси сын-қатерге қарамастан, еліміз бір қалыпты дамып келеді. Мұны жарты жылдық нәтижеден көріп отырмыз. Экономика 3,4 пайызға, ал нақты сектор 4,1 пайызға өсті. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібі саласында айтарлықтай ілгерілеу бар. Дегенмен, инфляция да бір орында тұрған жоқ. Қазір бұл көрсеткіш 14,5 пайызға жетіп, 2015 жылғы деңгейден асып түсті.*

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінен**

## ЧТО СВЯЗЫВАЕТ КАЗАХСТАН И ЭСТОНИЮ ИЛИ КАК НАЧАЛАСЬ ДРУЖБА ДВУХ ГОСУДАРСТВ?

**МЫ КАЗАХСТАНЦЫ**

**Две совершенно разные страны, заключившие договор об избежании двойного налогообложения в 2000 году, после распада СССР начали делать шаги по установлению дипломатических отношений. В этой статье мы рассмотрим не только самые главные даты и события в истории Казахстана и Эстонии, указывающих на начало дружбы, но и многие другие интересные моменты сотрудничества этих стран.**

20 лет назад, а точнее 27 мая 1992 года, Казахстан установил дипломатические отношения с Эстонской Республикой. Через три года открылось посольство Казахстана на территории Эстонии по совместительству с посольством в Литовской Республике. Однако в октябре 2001 года после заключения двухстороннего соглашения в Эстонской Республике было открыто Почетное консульство Казахстана, что свидетельствует о тесном сотрудничестве двух государств. Доказательством установления дружеских отношений среди глав двух стран стало вручение Верительной грамоты президенту Эстонии Томасу Хендрику Илвесу послом Казахстана Койшыбаевым в феврале 2009 года. Следом за этим событие на территории Казахстана в сентябре открывается Почетное консульство Эстонской Республики и буквально через год в Астане начал работать консульский сотрудник Эстонии. В марте 2011 года открыт консульский отдел Посольства Казахстана в Таллинне, тем самым расширяя свое представительство в Эстонии. Вы, наверно заметили, что эстонское правительство не ответило сразу Казахстану в проявлении дружеского отношения путем вручения Верительной грамоты. Данный промах благополучно исправлен в сентябре 2011 года. На территории Казахстана зарегистрировано 8 совместных компаний с участием капитала Эстонии, из которых 5 располагаются в городе Алматы и занимаются экспортно-импортными операциями и оказанием посреднических услуг. На рынке Казахстана можно встретить предприятия Эстонии.

Эстония — лидер по развитию информационных технологий в Европе. У Эстонии одно из развитых цифровых обществ в мире. Такие услуги как образование, право, здравоохранение, налоги — все эти составляющие объединяются в одно цифровое пространство. Цифровизация является важным направлением в сотрудничестве с Казахстаном. Эстонские IT компании заинтересованы в казахстанском рынке и рады двустороннему сотрудничеству. Сегодня, когда мир переживает трудности, вызванные COVID-19, решения в области э-образования, электронной системы здравоохранения являются актуальными и жизненно необходимы. Эстония предлагает уникальные идеи по улучшению не только качества жизни в период кризиса, но и восстановлению и налаживанию экономической деятельности в целом. Эстония готова к сотрудничеству по развитию цифрового общества и экономики.

Последний визит эстонской делегации прошел в 2018 году в селе Петровка. Делегация Республики Эстония во главе с премьер –министром господином Юри Ратасом, и послом Республики Эстония в Республике Казахстан господином Хейти Мяемеэс.

В составе делегации были также 30 предпринимателей из Эстонии, которые приехали в нашу страну для заключения партнерских контрактов с бизнес структурами Казахстана в области логистики и сельского хозяйства. Во встрече присутствовал аким района Нурлан Сеилов. Неофициальная встреча с жителями села была организована с целью культурного общения с эстонцами, проживающими на территории данного села.

**Наш корр.**

## ЕЛГЕ ЖАСАЛҒАН ШЫНАЙЫ ҚОЛДАУ




**Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы жолғы Жолдауында Балалар жылы аясында «Ұлттық қор – балаларға» жаңа бағдарламасын іске қосуды тапсырды. Енді Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызы балалар 18 жасқа толғанға дейін мерзімінен бұрын алу құқығынсыз арнайы жинақ шоттарына аударылады. Балалар кәмелеттік жасқа толғаннан кейін жинақталған сома тұрғын үй сатып алуға және білім алуға жұмсалатын болады. Бұл аталған жоба 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асатыны көпшіліктің ойынан шықты.**



Мемлекет басшысының осы ұсынысы өте орынды болды. Жолдауда жәрдемақы мәселесі шешімін тапқан әзекті мәселе дер едім. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ата-аналар мен балаларға арналған үлкен қолдау бала күтімі бойынша төлем мерзімін бір жарым жылға дейін ұлғайту шарасы болмақ. Мұның бәрі біздің Президенттің «Жаңа Қазақстанға» бағыт-талған бастамалары ел әлеуетін арттыруға жасалған шынайы қолдау деп түсінген абзал.

Сонымен бірге табысты ұлт болудың маңызды шарты білімнің сапасын көтеруде екенін баса айтқан Президент оқушылардың жақсы білім алып, жан-жақты дамуы үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынатынын хабарлады. Аталған жоба аясында еліміздегі апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесі толық шешілетінін атап өтті. «Білімді және бірнеше тілді меңгерген ұрпақ болашаққа сеніммен қадам басады. Біздің күшіміз – жастардың білімінде» дей келе, балаларды білімге баулып келе жатқан ұстаздардың беделін көтеру бағытында да оң өзгерістер жасалатынын біз, ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік жүктейді.

**Мұхтар ҚАЛИЕВ,**
**Өндіріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі.**

## ГРАНТЫ ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ НОВЫХ-БИЗНЕС ИДЕЙ

**Гранты предоставляются на безвозмездной и безвозвратной основе в размере до 400-кратного месячного расчетного показателя (1 225 200 тенге).**

На получение гранта могут претендовать: молодежь до 29 лет, получатели адресной социальной помощи, получатели пособия по многодетности, социального пособия по случаю потери кормильца, переселенцы, кандасы, лица с инвалидностью, лица, воспитывающие ребенка с инвалидностью (детей с инвалидностью).

Гранты предоставляются однократно и выдаются по целевому назначению для следующих целей: приобретения необходимого инвентаря, орудий труда, технологического оборудования, животных, скота, птицы, саженцев, кустарников, семян, рассады, оплату аренды помещений на реализацию новых-бизнес идей на территории объектов коммерческой недвижимости, а также торговых объектов, в том числе находящихся на праве аренды, использования, доверительного управления.

Для того чтобы подать заявку для получения гранта, необходимо зарегистрироваться и пройти обучение основам предпринимательства по проекту «Бастау Бизнес» на портале «Электронная биржа труда» https://business.enbek.kz

**За информацией обращаться в КГУ «Центр занятости населения» акимата Астраханского района, с. Астраханка, Ул. Аль-Фараби, 50 (здание районного акимата), каб. 47. Тел.: 23241, моб.: +77775772040.**

## ҚҰРМЕТТІ АСТРАХАН АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді қазақ тілі курсына шақырамыз. Курс дүйсенбі – жұма күндері өтеді. Курс тегін.

**Мекенжайымыз: Астрахан ауылы Әл- Фараби көшесі 50 үй. Телефон: 2-32-31.**

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА!

Приглашаем вас на курсы казахского языка. Курсы бесплатные. Проводятся с понедельника по пятницу.

**По адресу: с. Астраханка улица Аль-Фараби, 50. Телефон: 2-32-31.**

## ҚҰРМЕТТІ АСТРАХАН АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

**2022 жылдың 23 қыркүйегінде Астрахан ауылының орталық алаңында «Президенттік шақырым – денсаулыққа жол!».**

Салауатты өмір салтын насихаттау және халықтың спорттық деңгейін арттыру мақсатында, барлық ниет білдірушілерді «Президенттік шақырымға» жүгіруге белсенді қатысуға шақырамыз.

**Жүгіруге қатысушыларды тіркеу сағат 9.30-да жүргізіледі.**
**Жарыс сағат 10.00 басталады.**

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ СЕЛА АСТРАХАНКА!

**23 сентября 2022 года на центральной площади с. Астраханка, состоится кросс под девизом «Президентская миля – путь к здоровью!»**

В целях пропаганды здорового образа жизни и повышение спортивного уровня населения, приглашаем всех желающих принять активное участие в забеге «Президентская миля».

**Регистрация участников забега в 9.30 часов.**
**Начало забега в 10.00 часов.**

## АУДАНДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АУМАҚТАРЫН САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ, АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ БОЙЫНША КҮЗГІ АЙЛЫҚ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, елді мекендерді тиісті санитарлық тәртіпке келтіру мақсатында Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан аумағында 2022 жылғы 12 қыркүйектен бастап 10 қазанға дейін елді мекендердің аумақтарын санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру бойынша күзгі айлық өткізілсін.
2. Елді мекендердің аумақтарын санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру бойынша күзгі айлықты өткізу жөніндегі аудандық комиссия 1 қосымшаға сәйкес құрылсын.
3. Астрахан ауданының елді мекендерінің аумақтарын санитарлық тазалау, абаттандыру және көгалдандыру бойынша 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астрахан ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Астрахан ауданының әкімі** **Н. Сейілов**

*Астрахан ауданы әкімдігінің 2022 жылғы № қаулысына 1 қосымша*

### ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ АУМАҚТАРЫН САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ, АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ БОЙЫНША КҮЗГІ АЙЛЫҚ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ АУДАНДЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ

**Мұқанов Руслан Жақсылықұлы -** аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы

**Колесникова Тамара Юрьевна -** «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Астрахан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

**Мұхаметжанов Сағынтай Гелманұлы** - Астрахан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы

**Мұқұшева Қымбат -** Астрахан ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы

**Мұхаметжанов Тимур Кайырсерікұлы** - Ақмола облысының полиция департаменті Астрахан ауданының полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

**Қалабаев Қайрат Сабыржанұлы -** Астрахан ауданының ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы

**Бімжанов Рүстем Қанатұлы -** «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Ақмола облысының Төтенше жағдайлар департаменті Астрахан ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің бастығының міндетін атқарушы (келісім бойынша)

**Наполова Ольга Сергеевна -** Астрахан ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі басшысының міндетін атқарушы

**Потапчук Светлана Николаевна -** Астрахан ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы

**Жапаров Арман Қуатұлы** - «Астрахан аудандық «Маяк» газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директор-редакторы (келісім бойынша)

**Цуп Татьяна Николаевна - Астрахан** ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы

*2 қосымша Астрахан ауданы әкімдігінің 2022 жылғы № қаулысымен бекітілген*

### АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ АУМАҚТАРЫН САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛАУ АБАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Тұрғындар мен шаруашылық жүргізуші субъектілерді тарта отырып, елді мекендер көшелерінің, тұрғын үйлердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың үй маңындағы және үйішілік аумақтарының суағарларын қоқыс жинаудан тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | Бүкіл кезең | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, ғимараттардың меншік иелері |
| 2 | Шаруашылық жүргізуші субъектілердің, жеке кәсіпкерлердің және халықтың техникалық құралдарын тарта отырып, елді мекендердің, меншік нысанына қарамастан шаруашылық кешені объектілерінің аумағынан қоқыс пен басқа да қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | Бүкіл кезең | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері, ауыл шаруашылығы құралымдарының басшылары, объектілердің меншік иелері |
| 3 | Қолда бар қатты тұрмыстық қалдықтар үйінділерін, мал қорымдарын жайластыру жөнінде жұмыстар жүргізу | Бүкіл кезең | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері |
| 4 | Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, шағын және орта бизнес объектілерінің, құрылыстардың, көппәтерлі және жеке тұрғын үйлердің қасбеттері мен қоршауларын ретке келтіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | Бүкіл кезең | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, ғимараттардың меншік иелері |
| 5 | Адамдардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін ескі екпелерді кесу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру | Бүкіл кезең | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері |
| 6 | Кірме және кентішілік жолдарды кесу және кескіндеу, жол белгілері мен көрсеткіштерін жөндеу бойынша жұмыстар жүргізу | Бүкіл кезең | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі |
| 7 | Әр жұма барлық елді мекендердің аумақтарын санитарлық тазалау күні болып есептелсін, олардың тұрақты жүргізілуін қамтамасыз етсін | Бүкіл кезең | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері |
| 8 | Елді мекендер шекарасында орналасқан өзендердің, су айдындарының жағалау аймақтарын қоқыстан тазарту бойынша экологиялық сенбіліктер ұйымдастыру | 2022 жыл 17 қыркүйек | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары |
| 9 | Есептіліктің белгіленген нысанына сәйкес апта сайын оны кейіннен жинақтау және талдау үшін апта ішінде жүргізілген жұмыс туралы есепті ұсыну | Бүкіл кезең | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі |
| 10 | Бекітілген іс-шаралардың орындалу барысы туралы ауылдық округтер және Каменка ауылы әкімдерінің, шаруашылық, субъектілер басшыларының есептерін тыңдаумен комиссия отырыстарын өткізу | Айлық ішінде | Елді мекендерді санитарлық тазалау және абаттандыру айлығын өткізу жөніндегі аудандық комиссия |
| 11 | Елді мекендердің аумақтарын абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі айлықтың қорытындыларын шығару | 2022 жыл 18 қазан | Ауылдық округтер мен Каменка ауылының әкімдері, елді мекендерді санитарлық тазалау және абаттандыру айлығын өткізу жөніндегі аудандық комиссия |

## О ПРОВЕДЕНИИ В РАЙОНЕ ОСЕННЕГО МЕСЯЧНИКА ПО САНИТАРНОЙ ОЧИСТКЕ, БЛАГОУСТРОЙСТВУ И ОЗЕЛЕНЕНИЮ ТЕРРИТОРИЙ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан, Кодексом Республики Казахстан от «Об административных правонарушени-ях», Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», в целях наведения должного санитарного порядка в населенных пунктах, акимат Астраханского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Провести на территории района с 12 сентября по 10 октября 2022 года осенний месячник по санитарной очистке, благоустройству и озеленению территорий населенных пунктов.
2. Образовать районную комиссию по проведению осеннего месячника по санитарной очистке, благоустройству и озеленению территорий населенных пунктов согласно приложению 1.
3. Утвердить план мероприятий по санитарной очистке, благоустройству и озеленению территорий населенных пунктов Астраханского района на 2022 год согласно приложению 2.
4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Астраханского района.
5. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Аким Астраханского района** **Н. Сеилов**

*Приложение 1 к постановлению акимата Астраханского района от 2022 г. №*

### СОСТАВ РАЙОННОЙ КОМИССИИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ ОСЕННЕГО МЕСЯЧНИКА ПО САНИТАРНОЙ ОЧИСТКЕ, БЛАГОУСТРОЙСТВУ И ОЗЕЛЕНЕНИЮ ТЕРРИТОРИЙ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ

**Муканов Руслан Жаксылыкович** - заместитель акима района, председатель комиссии

**Колесникова Тамара Юрьевна** - исполняющая обязанности руководителя Республиканского государственного учреждения «Астраханское районное управление санитарно-эпидемиологического контроля, Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Акмолинской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан», заместитель председателя комиссии (по согласованию)

**Мухаметжанов Сагынтай Гельманович** - руководитель отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Астраханского района

**Мукушева Кымбат** - руководитель отдела строительства, архитектуры и градостроительства Астраханского района

**Мухаметжанов Тимур Каирсерикович -** первый заместитель начальника отдела полиции Астраханского района Департамента полиции Акмолинской области (по согласованию)

**Калабаев Кайрат Сабыржанович** - руководитель отдела сельского хозяйства Астраханского района

**Бимжанов Рустем Канатович** - исполняющий обязанности начальника республиканского государственного учреждения «Отдел по чрезвычайным ситуациям Астраханского района Департамента по чрезвычайным ситуациям Акмолинской области Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан» (по согласованию)

**Наполова Ольга Сергеевна** - исполняющая обязанности руководителя отдела предпринимательства и промышленности Астраханского района

**Потапчук Светлана Николаевна** - руководитель отдела внутренней политики Астраханского района

**Жапаров Арман Куатович** - директор-редактор товарищества с ограниченной ответственностью «Астраханская районная газета «Маяк» (по согласованию)

**Цуп Татьяна Николаевна** - главный специалист отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Астраханского района, секретарь комиссии

*Приложение 2 Утверждено постановлением акимата Астраханского района от 2022 г. №*

### ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ ПО САНИТАРНОЙ ОЧИСТКЕ, БЛАГОУСТРОЙСТВУ И ОЗЕЛЕНЕНИЮ ТЕРРИТОРИЙ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА НА 2022 ГОД

| № | Мероприятия | Сроки | Ответственные |
|---|---|---|---|
| 1 | Организовать работы по очистке водостоков улиц населенных пунктов, придомовых и внутридомовых территорий жилых домов, предприятий и организаций от накоплений мусора с привлечением населения и хозяйствующих субъектов | Весь период | Акимы сельских округов и села Каменка, руководители предприятий и организаций всех форм собственности, собственники зданий |
| 2 | Организовать работы по вывозу мусора и других твердых бытовых отходов с территории населенных пунктов, объектов хозяйственного комплекса независимо от форм собственности с привлечением технических средств хозяйствующих субъектов, частных предпринимателей и населения | Весь период | Акимы сельских округов и села Каменка, руководители сельскохозяйственных формирований, собственники объектов |
| 3 | Провести работы по обустройству имеющихся свалок твердобытовых отходов, скотомогильников | Весь период | Акимы сельских округов и села Каменка |
| 4 | Организовать работы по приведению в порядок фасадов и ограждений зданий предприятий, организаций, учреждений, объектов малого и среднего бизнеса, сооружений, многоквартирных и индивидуальных жилых домов | Весь период | Акимы сельских округов и села Каменка, руководители предприятий и организаций всех форм собственности, собственники зданий |
| 5 | Организовать работы по вырубке старых насаждений, создающих угрозу безопасности здоровью и жизни людей | Весь период | Акимы сельских округов и села Каменка |
| 6 | Провести работы по обкосу и профилированию подъездных и внутрипоселковых дорог, ремонт дорожных знаков и указателей | Весь период | Акимы сельских округов и села Каменка, отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог |
| 7 | Каждую пятницу считать днем санитарной очистки территорий всех населенных пунктов, обеспечить регулярность их проведения | Весь период | Акимы сельских округов и села Каменка |
| 8 | Организовать экологические субботники по очистке от мусора прибрежных зон рек, водоемов, расположенных в границах населенных пунктов | 17 сентября 2022г. | Акимы сельских округов и села Каменка, руководители предприятий и организаций всех форм собственности |
| 9 | В соответствии с установленной формой отчетности еженедельно предоставлять отчет о проводимой работе за неделю для последующего ее обобщения и анализа | Весь период | Акимы сельских округов и села Каменка, отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог |
| 10 | Проводить заседания комиссии с заслушиванием отчетов акимов сельских округов и села Каменка, руководителей хозяйств, субъектов о ходе выполнения утвержденных мероприятий | В течение месячника | Районная комиссия по проведению месячника по санитарной очистке и благоустройству населенных пунктов |
| 11 | Подведение итогов месячника по благоустройству, озеленению и санитарной очистке территорий населенных пунктов | 18 октября 2022 года | Акимы сельских округов и села Каменка, районная комиссия по проведению месячника по санитарной очистке и благоустройству населенных пунктов |

ОТБАСЫ МЕКТЕБІ

# ӨНЕРЛІ ШАҢЫРАҚ

**Өткен аптаның ортасында Петровка ауылдық мәдениет үйінде отбасы және Қазақстан халықтарының тілдер күні аясында «Өнерлі шаңырақ» атты аудандық байқауы өтті.**

Астрахан аудандық мәдениет үйі ұйымдастыруға аталмыш аудандық іс-шараға Астрахан, Жалтыр және Петровка ауылдарының достығы берік және шығармашыл отбасылары қатысты.

Әрбір отбасы өздерін




ұмытылмастай, өте ерекше таныстырды. Бірі өз отбасылары жайлы бейнебаян және видеоролик даярласа, басқалары отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер туралы көркем түрде айтып берді.

Бұл күні ауданның ең шығармашыл отбасын анықтау құрметіне ие болған қазылар алқасының құрамына аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Роза Ибраева, аудандық мәдениет үйі директорының орынбасары Бақытжан Арбашовтар кірді.

«Менің отбасым» және «Өнерліге – өріс кең» атты кезеңдерден құралған байқау қорытындылары бойынша Жалтыр ауылынан келген Хижняк және Саликовтар жанұясы үшінші орынға жайғасса, жергілікті Петровка ауылының атынан қатысқан Мазур жанұясы құмісті екінші орынға иеленіп, аудан орталығы Астрахан ауылынан қатысқан Бейбітхан жанұясы бірінші орынға жайғасты.

Бұл кеште шығармашыл отбасылардың орындауында ән мен би, ата-аналары және олардың талантты әрі тәрбиелі балаларының бірігіп оқыған өлеңдері, бұның барлығы кештің көңілді, мәнді де мағыналы өтуіне негіз болды.

Шығармашылық іс-шарадан естелік ретінде қатысушыларға аудандық мәдениет үйі атынан дипломдар мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Сонымен қатар шараға қатысқан әрбір отбасы үшін ең маңызды және орны бөлек сый ол көрермен қауымның ыстық ықыласы мен



қошеметі болғаны сөзсіз.

Ұйымдастырушылар да отбасы – ең қымбат қазына, өмірдің өзегі екендігін, мұндай тағылымды шараларды ұйымдастыру дәстүрге айналып келе жатқанын айтуда.



Баланың болашақта жақсы азамат болып өсуі үшін, жан-жақты тәрбиелі болуы отбасында берілетін тәрбиеге тікелей байланысты. Отанға деген ыстық сезім де ата-ананың өнегесімен сабақтасатыны анық. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі құрметіне ұйымдастырылған осынау шара - аудандағы ағайынның ынтымағы мен бірлігінің, татулық пен ұйымшылдығының бір көрінісі.

**Арман ЖАПАРОВ.**

# ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН «ТІЛ – АСЫЛ ҚАЗЫНА» ОНКҮНДІГІ

Тіл – халықтың даналығы, танымы мен талғамын тауып айтатын, шыншылдығын көрсететін, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес қазынасы. Тіл кез келген танымдық іс-әрекеттердің құралы, ойлаудың формасы және оны дамытудың негізі болып саналады. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау-жұрнағы



әрбір шынайы азаматқа танымал, мәдени-әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің келі бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады.



«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы- тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай жыл сайын Қазақстан халқы тілдері күні шеңберінде ұйымдастырылатын тілдер онкүндігі биыл қыркүйек айының 5-16 аралығында өткізілді. Осы аралықта бекітілген жоспарға сәйкес мерекелік іс шаралар ұйымдастырылды. Мұндағы басты мақсат - мемлекеттің тіл жөніндегі саясатын жүзеге асыру болып табылады. Онкүндікте Қазақстанда тұратын этностардың тұрмысы, тарихы мен мәдениетін көрсететін, этностар арасында бірлік пен түсіністік, тіл білгірі байқауы, поэзия кештері, дөңгелек үстелдер өткізілді.

2022 жылғы 5 қыркүйек күні Астрахан ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту орталығында» Қазақстан халқы тілдері күніне орай



«Тіл – татулық пен достықтың тірегі» Тілдер онкүндігінің ашылу салтанаты өтті. Тілдерді оқыту орталығының оқытушылары: «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы», «Ахмет Байтұрсынұлы- ұлт ұстазы», «Ахмет Байтұрсынұлы- қоғам қайраткері» тақырыптарына ашық сабақ, ақпараттық-танымдық сабақтар өткізді, «Ахмет Байтұрсынұлы – дәуірдің дара тұлғасы» тақырыбында жалпыхалықтық диктант, «Ахмет Байтұрсынұлы туралы не білесіз?» атты өзге ұлт өкілдері арасында сайыс, «Тіл – татулық тірегі» тақырыбында пікірталас өткізді.

Орталықтандырылған кітапхана жүйесі қызметкерлері «Туған тілдің қазынасы» кітап көрмесін ұйымдастырды. «Әр халықтың тілі көркем де ұлы!» атты дөңгелек үстел өткізілді, «Тіл – рухани мұра» атты әдеби үзіліс өкізді. Шараға «Тілі бардың – үні бар» көрмесі әзірленген. Қалың оқырман қауымға арналған «Ана тілім ғасырлардан аманат» дөңгелек үстел өтті, жастарға арналған «Ана тілі – баға жетпес байлық» білім сағаты өтті.

Аудандық кітапхананың кітапханашылары қазақ ағартушысы, лингвист - ғалым және саяси қайраткердің 150 жылдығына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы туралы не білесіз?» байқауына, «Ахмет Байтұрсынұлы - дәуірдің дана тұлғасы» жалпыұлттық диктантқа қатысты.

Аудандық Мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушылары «Қазақша караоке», «Өнерлі шаңырақ» аудандық байқауын, «Дархан даланың дара дауысы» жүргізушілер сайысын, «Тіл-асыл қазына» фестиваль концертін өткізді.

«Тіл – ұлттың тұғыры» тақырыбында мемлекеттік тіл туралы өлеңге ән жазу онлайн конкурсына Астрахан ауданының ішкі саясат бөлімінің басшысы Светлана Николаевна Потапчук қатысты. Ол «Бақытты Орда» өлеңін жазып, өзі орындады. Аранжировкасын жасаған Пославский Геннадий Александрович.

Ақмола облысының жергілікті қаламгерлері арасында балаларға арналған қазақ тіліндегі



үздік шығармалар байқауына Новочеркасск орта мектебінің қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Қазбекова Гүлжан Жақсылыққызы қатысты.

Қазақстан Республикасы халқының тілдері күніне арналған онкүндік «Тіл-асыл қазына» фестиваль концертпен аяқталды. Онкүндікті өткізу бойынша іс-шаралардың бекітілген жоспары орындалды.

Тілдер мерекесіне ар-налған іс-шараларды ұйымдастырушыларға және қатысушыларға алғысымызды білдіреміз!

Тіліміздің мерейі үстем болсын!

**Г. ҚАРАСАЕВА, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.**

ТАБЫСТЫ АРТТЫРУ

## АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫН 25 ПАЙЫЗҒА КӨТЕРДІ

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарын орындау аясында биыл шілдеден бастап өз қызметкерлерінің жалақысын 25 пайызға арттырды.**




Мемлекеттік корпорацияның дамытудың бір бағыты — қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту. Бұл тиімді жұмыс істеу және корпоративтегі мәдениет деңгейін арттыру үшін жасалынған стратегиялық қадам.

2022 жылдың қаңтарында қызметкерлердің жалақысы 25 пайызға өсті. 2022 жылғы 1 шілдеден бастап жалақы мөлшері тағы 25 пайызға ұлғайды. Жалпы алғанда жалақы өсімі 50 пайыз болды.

«Мемлекеттік корпорация «бір терезе», «бір өтініш», процестерді барынша оңайлату және оңтайландыру мақсатында проактив қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді жеке және заңды тұлғаларға көрсете отырып, өзін толыққанды бірыңғай провайдер есебінде бекітті. Қызметкерлердің жалақысын көтеру – мемлекеттік қызметтер жүйесін одан әрі табысты дамытудағы өте маңызды мәселе екені анық. Мемлекеттік корпорация құрылғаннан кейін, өкінішке қарай, біздің қызметкерлеріміз белгілі бір статуссыз қалды. Олар мемлекеттік қызметкерлерге де, мемлекеттік қызметшілерге де жатпайды. Біздің қызметкерлер – өте білімді, азаматтар үшін нақты қолайлы жағдай жасай білетін мамандар, көпшілігі – жастар. Қазір клиенттер мемлекеттік органдардың табалдырығын тоздырмай, кез келген анықтаманы оңай ала алады, уақытын, қаражатын айтарлықтай үнемдейді. Еңбекақыны арттырудың нәтижесінде қызметкерлердің жалақысы 150 мың теңгеге жетті. Мемлекеттік корпорацияның басшылығы бұған ішкі шығындарды оңтайландыру және бизнес-процестерді автоматтандыру арқылы қол жеткізді. Инфляция мен үлкен қалалардағы өмірді ескерсек, жалақы әлдеқайда жоғары болуы керек. Бұл мәселені Парламент депутаттары да көтерді. Жалақыны көтеру және қызметкерлерміздің мәртебесін айқындау мәселесі Үкімет тарапынан тиісті назар аударуды талап етеді деп ойлаймын» – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының омбудсмені Майра Айсина.

Бұған дейін Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің жалақысы 85-115 мың теңге болған еді, соңғы 5 жылда қызметкерлердің айлығы айтарлықтай өскен жоқ.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында бүгінде 22 мыңға жуық қызметкер жұмыс істейді. Бұл – 20 филиал, 328 фронт және 442 бэк-офис, 68 мобильдік ХҚО.

## ШЕТЕЛДЕН ӘКЕЛІНГЕН КӨЛІКТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУ КЕЛЕСІ ЖЫЛДАН БАСТАП ЖҮРГІЗІЛЕДІ

МАҢЫЗДЫ

**Осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін шетелден елге әкелінген автокөліктердің тізімі жасалды. Бұл туралы ІІМ хабарлайды.**

Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін Қазақстанға әкелінген шетелдік автокөліктерді заңдастыру міндетін жүктеген болатын. Қазір бұл үшін мемлекеттік органдар барлық қажетті заңнамалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдауда. Экологиялық және Салық кодекстеріне түзетулер әзірленді.

ІІМ хабарлауынша, азаматтар бастапқы тіркеу үшін 200-250 мың теңге көлемінде ғана алым төлейтін болады. Заңдастыру кезінде утиль алым төленбейді.

«Кодекстерге түзетулер келесі жылдың қаңтарынан бастап күшіне енеді, сондықтан заңдастыру келесі жылдан бастап жүргізілетін болады. Осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін елге әкелінген автокөліктердің тізімі жасалды. Кейінірек әкелінген автокөліктер заңдастыруға жатпайды және жалпы негізде тіркеледі»- деді министрліктен.

Бүгінгі таңда ІІМ және басқа да мемлекеттік органдар автокөліктерді заңдастыруды барынша қарапайым және түсінікті ету тәсілдерін әзірлеуде. Автокөліктерді заңдастыру үшін полицияға онлайн-өтініш беру мүмкіндігі пысықталуда. Полициямен байланыс орталықтарының жұмысы ұйымдастырылады.

Тіркелген көліктерге қарапайым ақ нөмірлер беріледі, полиция қандай да бір шектеулер қоймайды.

Еуразиялық экономикалық одақтың тауары болып табылмайтын автокөліктер кедендік баждарды төлеуі тиіс. Бұл үшін Қаржы министрлігі азаматтарға қолайлы кедендік декларациялау тетіктерін әзірлеуде. Заңдастыруды өткізудің барлық шарттары әзірленгеннен кейін Үкіметтің тиісті қаулысы



қабылданатын болады.

Айта кету керек, заңдастыруға «қылмыстық» және кедендік бақылаудан өтпеген автокөліктер кірмейді. Автокөліктердің шығарылған жылына және экологиялық санаттарына қарай талаптар жоқ. Қалған талаптар бойынша шешім қазір ұлттық және халықаралық заңнаманы ескере отырып қабылданады.

Сондай-ақ ІІМ жол ережесін бұзудың кейбір түрлері бойынша жауапкершілікті күшейту болғанымен, полиция шетелдік автокөліктер бойынша ешқандай арнайы рейдтік іс-шаралар жүргізбейтінін хабарлады.

**ІІМ баспасөз қызметі.**

## ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЙ РЫВОК ЗА СЧЕТ ЦИФРОВИЗАЦИИ, НАУКИ И ИННОВАЦИЙ

ЦИФРОВИЗАЦИЯ

**В ходе очередного заседания Правительства РК, Министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Багдат Мусин доложился о ходе реализации Национального проекта «Технологический рывок за счет цифровизации, науки и инноваций».**

Багдат Мусин рассказал о 6 направлениях, связанных с «цифрой», в том числе развитии IT-отрасли, цифровых инструментах, качественном интернете, развитии инновационного бизнеса, слышащем государстве и «услугах за 5 минут».

По словам министра, цифровым ведомством произведен реинжиниринг 175 бизнес-процессов. При этом продолжается перевод в электронный формат государственных услуг, сегодня уже 94% услуг доступны онлайн, 25 услуг оказываются в проактивном формате, 9 госуслуг осуществляются посредством видеосервиса, до конца года это количество увеличится до 44.

Кроме того, в пилотном режиме запущен проект «Цифровая карта семьи», в котором база ежедневно обновляет информацию по 80 параметрам благосостояния 6 миллионов семей в стране. Это позволит оказывать социальную помощь нуждающимся проактивно.

Одними из важных направлений по цифровизации является сфера образования и здравоохранения. Так, сегодня ведется активная работа по переводу портфеля учебников в цифровой формат: из имеющихся 670 печатных учебников 97% уже оцифровано, до конца года 100% учебников будут доступны в цифровом формате.

В целом до сельских школ полностью доведена инфраструктура интернета. Однако цифровизация образовательного процесса в сельских школах все еще находится на низком уровне. Причина - в отсутствии сетей распространения внутришкольного интернета, в связи с чем, в этом вопросе необходима поддержка местных исполнительных органов.

В сфере здравоохранения МЦРИАП совместно с Минздравом проводит работу по переходу на новую архитектуру электронного здравоохранения eHealth. Это даст возможность сформировать национальный паспорт здоровья граждан, когда гражданин сможет видеть все диагнозы, анализы, независимо от места обслуживания.

Согласно концепции «слышащего государства» начат перевод коммуникации государства с гражданами на цифровые инструменты взаимодействия. Не так давно для упрощения процессов подачи заявлений в административный суд проведена интеграция платформы e-Өtinish с Верховным судом.

Багдат Мусин рассказал также и о работе по Единой платформе «KAZNEDRA». С 15-го сентября недропользователям в личном кабинете на платформе minerals.gov.kz будут доступны 1,5 тыс. электронных отчетов, выведенных на интерактивную карту, до конца этого года еще 30 тыс. отчетов по недрам будут переведены в электронный вариант. В будущем данная платформа будет работать как «market place» для недропользователей.

Цифровизация коснулась и сельскохозяйственной отрасли: с 1 июля запущена система субсидирования информационных систем для фермеров, создан call-центр 1475. Такой подход дает возможность сократить расходы на 30% и уменьшить количество прилагаемых документов на 20% за счет интеграции информсистем.

Кроме того, всем ветеринарным работникам будут выданы планшеты, для работы в мобильном приложении идентификации сельскохозяйственных животных и других. При этом у них будет возможность работать в системе даже без интернета.

За 2 года работы Национального проекта, IT-рынок также получил толчок к развитию. На основе предпринятых мер экспортные доходы выросли на 80%, наблюдается положительная динамика по созданию новых рабочих мест, рост налогов от IT -компаний составил 46%.

В этом году профинансировано 30 стартапов на 300 млн. тенге, заключено контрактов на сумму 800 тыс. долларов. При этом идет подготовка специалистов в сфере IT, открыто 12 школ программирования, подготовлено более 250 программистов международного уровня, а также будет роздано 3 100 ваучеров IT-школам.

**Пресс-служба Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК.**

## В КАКОМ СЛУЧАЕ ПОСОБИЯ ПО УХОДУ ЗА РЕБЕНКОМ НЕ БУДУТ ПЛАТИТЬ 1,5 ГОДА В КАЗАХСТАНЕ




**Со следующего года в Казахстане увеличится срок соцвыплат и пособий по уходу за ребенком. Но рассчитывать на продление выплат могут не все казахстанские матери. Кому не стоит ждать поправок в закон, узнали журналисты NUR.KZ.**

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в своем послании народу страны объявил, что с января 2023 года до полутора лет увеличится период выплат по уходу за ребенком. Данное изменение будет предусмотрено Социальным кодексом, который на данный момент разрабатывается в Казахстане. При этом отметим, что увеличение срока коснется как пособий, так и социальных выплат. Между тем мамы казахстанских малышей, которые на данный момент получают подобные выплаты, обеспокоены тем, коснутся ли их эти изменения. Ответ на подобный вопрос был опубликован на портале "Открытый диалог" в блоге министра труда и социальной защиты населения РК. Кто не сможет претендовать на увеличение срока выплат Как ответила глава Минтруда Тамара Дуйсенова, согласно действующему законодательству, семьи, имеющие рожденных, усыновленных (удочеренных), а также взятых под опеку (попечительство) детей, на данный момент имеют право на получение ежемесячного государственного пособия по уходу за ребенком по достижении им возраста одного года. При этом продление периода выплаты пособия по уходу за ребенком с одного года до полутора лет будет осуществлено с 1 января 2023 года. То есть именно с этой даты будут введены в действие поправки в закон. Министр также напомнила, что, согласно 37 статье закона РК «О нормативных правовых актах», действие нормативного правового акта не распространяется на отношения, возникшие до его введения в действие. Аналогичная норма имеется в 4 статье Гражданского кодекса РК. Согласно ей, установлено, что акты гражданского законодательства не имеют обратной силы и применяются к отношениям, возникшим после введения их в действие.



В этой связи, на лиц, которым выплаты по уходу за ребенком будут прекращены до 1 января 2023 года вносимые изменения в законодательство не будут распространяться. То есть на продление пособий и социальных выплат могут не рассчитывать мамы детей, которым годик исполнится уже в текущем году. Изменятся ли размеры выплат. А для тех, кто переживал, что с увеличением срока выплат сократится их размер, отметим, что, согласно проекту Социального кодекса, который сейчас обсуждается на портале "Открытые НПА", пособия и соцвыплаты по уходу за ребенком будут рассчитываться постарому. Напомним, что пособие от государства получают неработающие казахстанки. Оно измеряется в месячных расчетных показателях (МРП) и составляет: 5,76 МРП - на первого ребенка, 6,81 МРП - на второго, 7,85 МРП - на третьего, 8,9 - на четвертого и последующих детей. В денежном выражении, учитывая размер МРП, действующий на текущий момент, данные выплаты равны 18 316,8 тенге, 21 655,8 тенге, 24 963 тенге и 28 302 тенге соответственно. А вместе с планируемым в 2023 году увеличением МРП до 3 450 тенге, помимо увеличения срока выплат, пособия по уходу за ребенком могут вырасти до 19 872 тенге, 23 494,5 тенге, 27 082,5 тенге и 30 705 тенге соответственно. Что касается социальной выплаты на случай потери дохода работающей матери в связи с уходом за ребенком, то планируется, что она также будет составлять 40% от среднемесячного размера дохода, учтенного в качестве объекта исчисления социальных отчислений за последние два года. Но выплачивать ее будут только казахстанкам с трудовым стажем более полугода. Если он будет меньше, то новоиспеченной маме назначат вышеуказанные пособия из госбюджета.

# БЕЗОПАСНОСТЬ ДОРОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ

**Прокуратурой Астраханского района проведен анализ состояния законности и эффективности принимаемых местным исполнительным органом мер, по обеспечению безопасности дорожного движения за 2019-2021 годы и за истекший период т.г.в части выдачи удостоверения тракториста-машниста.**

В соответствии с п.24 Нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан №7 от 6 октября 2017 года «О некоторых вопросах применения судами норм Особенной части Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях», лишение права управления транспортным средством применяется в равной мере как к водителям автомобилей, так и к лицам, управляющим тракторами и иными самоходными машинами, трамваями, троллейбусами, мотоциклами и другими механическими транспортными средствами в соответствии с определением транспортного средства в примечании к статье 590 КоАП.



В ходе анализа выявлены 2 факта незаконной выдачи удостоверения тракториста-машиниста водителям, лишенным права управления транспортным средством по решению суда.

По выявленным нарушениям в адрес местного исполнительного органа внесен акт надзора, по результатам рассмотрения которого, незаконно выданные удостоверения трактористов-машинистов аннулированы.

**Прокуратура Астраханского района.**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

# АЙЫППҰЛДАРДЫ ҚАЙДАН ТЕКСЕРУГЕ ЖӘНЕ ҚАЙДА ТӨЛЕУГЕ БОЛАДЫ?

Айыппұлдың бар-жоғын тексеріп, оны онлайн-қызмет арқылы төлеуге болады.

- Жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік айыппұлдар мен айыппұлдарды іздеу және төлеу, сондай-ақ айыппұлдарды тексеруге болады:
- Qamqor сайтында;
- «Қазпочта» сайтында;
- «Электрондық үкімет» веб-порталында;
- Банктердің сайттарында және олардың мобильді қосымшаларында

Айта кететін жайт, 7 тәулік ішінде айыппұл мөлшері 50% мөлшерінде көрсетіледі. 8-ші күні айыппұл, егер ол өтелмеген болса, автоматты түрде толық мөлшерде қойылады.

**ВНИМАНИЕ!**

# ГДЕ МОЖНО ПРОВЕРИТЬ И ОПЛАТИТЬ СВОИ ШТРАФЫ?

Проверить наличие штрафа и уплатить его можно через онлайн-услугу.

Поиск и оплата административных штрафов и штрафов за нарушение правил дорожного движения можно проверить:
- на сайте Qamqor;
- на сайте Казпочты;
- на веб-портале «электронного правительства»;
- на сайтах банков и в их мобильных приложениях.

Следует учесть, что в течение 7 суток размер штрафа будет указан в размере 50%. На 8-ой день штраф, если он остается непогашенным, автоматически выставляется в полном размере.

# МИНТРУДА НАЗВАЛО СРЕДНИЙ РАЗМЕР ПЕНСИИ

**ПОВЫШЕНИЕ ДОХОДОВ**

**Средний размер пенсионных выплат с учетом базовой пенсионной выплаты на 1 сентября 2022 года составил 109 224 тенге, сообщает Zakon.kz.**

В сентябре 2022 года из республиканского бюджета на выплату пенсий было направлено 244,1 млрд тенге, из которых на выплату базовой пенсии — 74,2 млрд тенге, солидарной пенсии — 169,9 млрд тенге.

Средний размер пенсионных выплат с учетом базовой пенсионной выплаты на 1 сентября 2022 года составил 109 224 тенге. С 1 июля 2018 года государственная базовая пенсионная выплата назначается каждому получателю индивидуально, с учетом его стажа участия в пенсионной системе. При этом в стаж участия в пенсионной системе включаются трудовой стаж, выработанный в солидарной системе на 1 января 1998 года, а также периоды, за которые уплачивались обязательные пенсионные взносы (ОПВ).

Так, если стаж участия в пенсионной системе составляет 10 и менее лет, а также при его отсутствии размер базовой пенсии равен 54% от величины прожиточного минимума, далее за каждый год сверх 10 лет ее размер увеличивается на 2%.

К примеру, при стаже участия 20 лет базовая пенсия составит 74% от прожиточного минимума, 30 лет — 94% от прожиточного минимума. При стаже 33-х и более лет она устанавливается в максимальном размере — 100% от прожиточного минимума.

